

## **Жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігін монополиясыздандыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 маусым N 773

Қалалық жолаушылар көлігін басқаруды жетілдіру, басы артық басқару буындарын жою, халыққа көліктік қызмет көрсетудің бәсекелестік жағдайын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігінің қатысуымен жолаушылар таситын автомобиль және электр көлігіне қайта ұйымдастыру жүргізісін:

1996 жылдың 1 қарашасына дейін қалаларда, поселкелерде, елді мекендерде өз құрамдарына парктер мен басқа да көлік кәсіпорындарын біріктіретін бірлестіктерін, көлік холдингілері және басқа ұйымдық-басқару құрылымдарын (Алматы қаласындағы трамвай-троллейбус басқармасын қоспағанда) қайта ұйымдастырсын. Осы ұйымдық-басқару құрылымдарын маршруттарды, мемлекеттік субсидиялар мен дотацияларды бөлу, парктердің материалдық-техникалық және қаржы қаражаттарын орталықтандыру жөніндегі функцияларын алсын;

автобус, трамвай-троллейбус парктеріне және басқа жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігі кәсіпорындарына техниканы, босалқы бөлшектерді өздігінен сатып алуға, қалалық және қалааралық маршруттары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыру құқығына арналған тендерлерге қатысуға құқық берсін.

2. 1996 жылғы 1 қарашадан бастап тасымалдаушылар арасында қалалық және қала маңындағы тасымалдау маршруттарының пакеттерін бөлу тендерлік негізде ғана жүзеге асырылады, деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың 1 тамызына дейін белгіленген тәртіппен Жалпы пайдаланудағы қалалық автомобиль және электр көліктері маршруттарының пакеттерін орналастыру жөнінде тендерлер өткізу туралы үлгі ережені әзірлеп, бекітсін.

Егер жергілікті бюджеттен жолаушылар көлігін дамытуға дотация, субсидия бөлінсе, онда олар маршруттар пакеті бойынша бөлінеді және осы маршрут бойынша тендерде жеңіп шыққан тасымалшыға беріледі. Тендерге шаруашылық жүргізуші субъектілер ұйымдық-құқықтық нысанына

қарамастан қатыса алады.

<\*>

<\*>

<\*>

Тендерде жеңіп шыққан заңды және жеке тұлғалар белгілі бір бағытта (бағыттарда) жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру құқығына келісім-шарт жасалғандығын растайтын куәлік алады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-ші абзацына өзгеріс енгізілді,  
4,5-абзацтар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.10.03.  
N 1219 қаулысымен.

P961219\_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.23.  
N 251 қаулысымен.

P980251\_

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1996 жылдың 1 қарашасына дейін қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру үшін негіз болып табылатын арнаулы жол жүру билетінің тәртібін бекітсін.

4. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

1996 жылдың 1 тамызына дейін әкімдер аппараттарында жалпы пайдаланудағы жолаушылар көлігінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету үшін қазіргі бар саны немесе өзге бөлімшелер шегінде жалпы пайдаланудағы жолаушылар көлігін басқару қызметін құрсын және оларға: жалпы пайдаланудағы көлікпен жолаушылар тасымалдаудың маршруттық кестесін бекіту; тасымалдаушылар арасында (олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан) тендерлік негізде маршруттар пакеттерін құру және оларды орналастыруды ұйымдастыру; жолаушыларға қызмет көрсетудің сапасына бақылау жасау; жол жүру билеттерін сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп жеңілдіктің ілгерілемелі жүйесімен қолданылу күші әртүрлі мерзімді жол жүру билеттерінің икемді жүйесін әзірлеп, 1996 жылдың 1 тамызынан бастап күшіне енгізу;

1996 жылдың 1 тамызына дейін қалалық жолаушылар көлігінің түрлерін, субсидиялау түрлерін, оның ішінде: жалпы пайдаланудағы қалалық көлік кәсіпорындарының күрделі және ағымдағы шығыстарындағы жергілікті бюджетке қатысу; <\*>

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп жолаушылар көлігі кәсіпорындарын олардың айрықша әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып акционерлендіру және кейіннен жекешелендіру мүмкіндіктерін қарау функцияларын жүктесін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 4-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің

1996.10.03. N 1219 қаулысымен.

P961219\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі